

Оң саусағынан ӨНЕР тамған

Қазақтың дәстүрлі тоқыма өнері - бұрындары бүкіл қазақ жерінде кеңінен таралған халықтың қолданбалы өнерінің күрделі түрі. Ортағасырларда түрмиста кілем бүйімдарының көптеген пайдалануы тоқыма өнерінің кеңінен дамып өркендеуіне әсер еткен. Сонымен қатар тоқыма бүйімдары жағымды әсер беретін, денсаулықты қоргайтын қасиеттері бар деп бағаланған. Тоқыма жұмысы көктемде биязы жұнді қойдың жұнін жинаудан басталатын. Көктемде алынған жұн күздік жүнге қарағанда салалырақ болғандықтан, тоқыма бүйімдарға лайықты болып келеді.

Жұнді өңдеу бірнеше сатыдан тұрады: жуып, кептіру, жұн сұрыпталып қоқымнан қолмен тазартылады. Бұл шаруа асықпай атқарылатын болғандықтан бірнеше күнге созылатын. Жұнді тұлақ үстіне жайып қойып, айналасына әйелдер отырып қолына сабау алып, жұнді баппен сабаған. Бұл жұмыс әбден жаттығып икемделгенше оңайға соқпаған. Сабап болған соң жұнді қолмен тұткен немесе қолмен ұстап отырып тарауга арнағы жасалған тұтқалары бар тарақпен тұткен. Ол тарақ әрқайсысының іілгөн темір тістерінің бағыты қарама қарсы икемделіп орнатылған екі тақтайдан тұратын болғандықтан сабап жуғаннан кейін қалып қойған ұсақ қоқымдар түгел түсіп әбден тазаланып үлпілдеген жұмсақ күйге енетін. Үршықтың көмегімен жұнді иіріп, өте сапалы жіп әзірленетін болған.

Ежелгі заманның жұнді үршықпен иіру тәсілі бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Ұзындығы 20 метрдей жіпті иіру үшін ісмер әйел мөлшермен з сағаттай уақытын жұмсаған. Жұн иіру уақытына шектеу жоқ. Кез келген қолы босаған еттө әйел қолына үршығын алып жібін иіре берген. Жіпті иіріп болған соң табиғи жолмен алынған түрлі түсті бояуларға бояған. Жіпті бояйтын бояуды даярлау, жұнді бояу, бекіту жұмыстарының бәрі бояу сұйықтығын үдайы отта үстаумен іске асатын.

Тоқу өнері - қазақ халқының ежелден келе жатқан қолөнер саласының бірі. Бұл тамаша өнер қазіргі заманда жалғасын тауып, көрші халықтардың өнер шығармашылықтарымен толысып, дамып, әсемдігімен, көркемдігімен көз тартып, эстетикалық талғамда өркендей бермек.

Ж.МАЛИКОВА, А.ЕРГЕҢШБАЕВА
М.Әузев атындағы ОҚУ колледжі
Арнаіы пән оқытушылары